Трансформация жұмыс берушілермен жаңа үлгідегі «қайта іске қосу» бойынша негізгі үрдістерді ұстанумен қызмет стандарттарының түбегейлі жаңғыруын және мемлекеттік жұмыспен қамту орталықтарының функционалдық дизайнын көздейді. Осылайша, жұмыс берушілер үшін бос орынды қандайда бір күш жұмсаусыз тіркеудің барынша жеңілдетілген тәртібі, алдын ала кандитаттарды кәсіптік іріктеу – еңбек делдалдылығынан артық – HR-қызметі, ал жұмыс іздеушілер үшін тіркеуді жеңілдету және көпарналығы, оның ішінде электрондық еңбек биржасы, бейіндеу құралын («Еңбек дағдыларын дамыту және жұмыс орындарын ынталандыру» жобасы шеңберінде әзірленетін арнайы компьютерлік бағдарлама) енгізу және жеке жұмысқа орласу карталарын енгізу есебінен жұмыс мекенжайлығын нығайту, ауыл тұрғындары үшін жұмыспен қамту орталықтарының қызметтеріне қол жетімділікті арттыру енгізіледі.

Жұмыспен қамту орталқтарының жаңа форматына ауысудың мынадай талаптары бар:

-аландардың орналасуы және нормалары (штатты ескере отырып);

-техникамен және байланыс каналдарымен жарақтандыру. Бірінші кезең ДБ-ның «Еңбек дағдыларын дамыту және жұмыс орындарын ынталандыру» жобасы шеңберінде іске асырылады;

-эргономикасы, орталықтың жұмыс кеңістіктеріне баланс жасалады және дәрежесіне байланысты (қала/аудан, алаң, штаттың көлемі) алаңдарға бөлінеді:

-барлық клиенттер дәрежесіне бірыңғай: электрондық кезек, ресепшн тіркеу алаңдары,кәсіптік бағыт, өзіне-өзі қызмет көрсету. Әр түрлі клиенттер үшін мамандандырылған алаң: «жеңіл» жұмыс іздеушілер үшін, «орташа» және «күрделі» жұмыс іздеушілер үшін,жұмыс берушілер үшін;

Аутсорсинг жүйесі жеке агенттіктерді дамытуға қозғалыс береді және жыл сайын мемлекеттік жұмыспен қамту орталықтарымен қамтылмай калатын жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерге қолдау көрсетуді кеңейтеді.

Дәл осы бағыт негізінде, Приозерск қаласы бойынша «Приозерск қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы» КММ-н трансформациялау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осы өзгеріс нәтижесі, жұмыспен қамту орталығы арқылы көрсетілетін қызметті бұрынғыдан гөрі қолжетімді етіп, ал мамандардың халыққа Бір терезе қағидасы бойынша қызметтің балық түрлерін сапалы көрсету мүмкіндігін арттырады.

### *Трансформация толқынында*

Жаңа орталықта:
жұмыспен қамту;
жұмыссыз азаматтарды тіркеу;
жұмыссыз азаматтарға анықтама беру;
жұмыспен қамту үшін жолдамалар;
қоғамдық жұмыстар;
әлеуметтік жұмыс орындары;
кәсіпкерлік негіздеріне оқыту;
шағын несие беру және басқа да қызметтер көрсетіледі.

Сондай-ақ, халыққа ыңғайлы болу үшін жаңа орталықта электронды кезек, күту залы, консультанттар үшін арнайы жұмыс орындары, конференц-зал орналасатын болады.

Орталықтарды қайта құру азаматтарға қызмет көрсететін еңбек институттарын құруға мүмкіндік береді. Бұл жеке меншік сектор жұмыссыз азаматтардың кәсіптік бағдарлануына, олардың білімі мен жұмысқа орналасуына үлес қосатындығын білдіреді.

**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ**

**И Н Ф О Г Р А Ф И К А *** И Н Ф О Г Р А Ф И К А *** И Н Ф О Г Р А Ф И К А**



























*Реформирование современного общества*

# СВЕТСКИЕ ПРИНЦИПЫ СИСТЕМЫ СРЕДНЕГО И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Развитие и совершенствование системы светского образования является важнейшим условием эффективного реформирования современного казахстанского общества.

Светский характер образования в государственных и иных образовательных учреждениях - один из обязательных составляющих светскости государства и результат отделения религии от государства, школы от религии.

Под светскостью образования понимается образование, независимое от какого-либо религиозного разрешения, где образовательная деятельность никак не подчиняется религиозным объединениям, образование не направлено на профессиональную религиозную подготовку служителей религиозного культа, на обучение или навязывание какой-либо религии.

Показателями реализации и соблюдения принципа светскости в образовании являются следующие критерии:

-недопустимость установления в государственных образовательных учреждениях общеобязательной религии;

-равенство прав каждого на поступление в образовательные учреждения и получение образования независимо от убеждений или отношения к религии;

-светскость внутреннего устройства и деятельности образовательных учреждений;

-независимость управления образовательными учреждениями от религиозного разрешения или давления, от вмешательства религиозных объединений, недопустимость передачи им каких-либо полномочий в управлении системой;



-недопустимость подготовки в светских образовательных учреждениях служителей религиозного культа;

-светскость профессиональной этики;

-светскость государственных образовательных стандартов;

-религиозная нейтральность используемых учебных программ и учебной литературы;

-ненаправленность преподавания образовательными учреждениями знаний о религии на вовлечение школьной и студенческой молодежи в религиозное объединение;

-осуществление государственного контроля за недопущением в используемых учебных программах и учебной литературе положений, возбуждающих ненависть либо вражду, унижающих достоинство или пропагандирующих неполноценность личности либо группы лиц по признаку отношения к религии.

-запрет открытого ношения элементов религиозной одежды и знаков религиозной принадлежности преподавательскому и административному корпусу учреждения образования.

**Б. Курмангожин,**
***специалист в сфере религий***

*Качественное оказание государственных услуг*

# ГОСУДАРСТВЕННЫЕ УСЛУГИ В ОБЛАСТИ ВЕТЕРИНАРИИ, СВЯЗАННЫЕ С ЭКСПОРТОМ, ИМПОРТОМ И ТРАНЗИТОМ ПОДКОНТРОЛЬНЫХ ГОСУДАРСТВЕННОМУ ВЕТЕРИНАРНОМУ КОНТРОЛЮ И НАДЗОРУ ГРУЗОВ

В соответствии с подпунктом 1) статьи 10 Закона Республики Казахстан от 15 апреля 2013 года "О государственных услугах" Приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 6 мая 2015 года № 7-1/418 утверждены стандарты государственных услуг в сфере ветеринарии, а так же разработаны и утверждены Приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 августа 2015 года № 7-1/764 регламенты государственных услуг в области ветеринарии.

Стандартами регламентированы порядок оказания государственной услуги, порядок обжалования решений должностных лиц оказывающих государственные услуги и иные требования по оказанию государственной услуги.

В Регламентах определены описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги, порядка их взаимодействия и порядка взаимодействия с порталом и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги.

Государственное учреждение «Приозерская городская территориальная инспекция Комитета ветеринарного контроля и надзора МСХ РК» оказывает следующие государственные услуги: «Выдача ветеринарного сертификата на перемещаемые (перевозимые) объекты при экспорте», "Выдача разрешения на экспорт, импорт и транзит перемещаемых (перевозимых) объектов с учетом оценки эпизоотической ситуации на соответствующей территории".

Подачу заявления и получение результата оказания государственной услуги услугополучатели могут осуществить через городскую территориальную инспекции Комитета ветеринарного контроля и надзора МСХ РК, Государственную корпорацию "Правительство для граждан" а также посредством веб-портала "электронного правительства" **www.egov.kz, www. elicense.kz**

**Государственная услуга «Выдача ветеринарного сертификата на перемещаемые (перевозимые) объекты при экспорте»** оказывается в течении 3 (трех) рабочих дней со дня сдачи пакета документов услугополучателем услугодателю или на



портал.

Государственная услуга «Выдача ветеринарного сертификата на перемещаемые (перевозимые) объекты при экспорте» оказывается физическим и юридическим лицам платно, в соответствии с подпунктом 6 пункта 2 статьи 35 Закона Республики Казахстан от 10.07.2002 года «О ветеринарии» (за бланк ветеринарного сертификата). Стоимость бланка от 77,84 тенге до 121,03 тенге в зависимости от формы ветеринарного сертификата.

Перечень документов, необходимых для оказания государственной услуги при обращении услугополучателя (либо его представителя) к услугодателю: заявление по установленной форме; документ удостоверяющий личность и документ подтверждающий полномочия представителя *(для идентификации)*; при транспортировке продукции и сырья животного происхождения – копия акта экспертизы (протокол испытаний); при перемещении (перевозке) собак и кошек – копия ветеринарного паспорта; при перемещении (перевозке) объектов, перемещаемых (перевезенных) из одной административно-территориальной единицы республики в другую или со сменой владельца перемещаемого (перевозимого) объекта в пределах одной административно-территориальной единицы республики, с целью вывоза в государства-члены ЕЭС или третьи страны – копия ветеринарной справки; копия документа, подтверждающий оплату за бланк ветеринарного сертификата.

При подаче заявления на портал необходимо прикрепить к заявлению электронные копии выше перечисленных документов.

**Государственная услуга "Выдача разрешения на экспорт, импорт и транзит перемещаемых (перевозимых) объектов с учетом оценки эпизоотической ситуации на соответствующей территории"** оказывается услугодателем услугополучателю в течение 7 (семи) рабочих дней, за исключением разрешений, требующих транзитного согласования со службами других государств на транзитный провоз - в течение 30 (тридцати) рабочих дней и прохождения карантина живых животных- в течение 60 (шестидесяти) календарных дней

Государственная услуга оказывается бесплатно физическим и юридическим лицам. Перечень документов, необходимых для оказания государственной услуги при обращении услугополучателя (либо его представителя) в Государственную корпорацию "Правительство для граждан" при экспорте – по месту происхождения (нахождения) перемещаемого (перевозимого) объекта, при импорте – по месту ввоза, либо посредством веб-портала "электронного правительства": **www.egov.kz, www. elicense.kz.**

Перечень документов, необходимых для оказания государственной услуги при обращении услугополучателя (либо его представителя):

в Государственную корпорацию: 1) заявление по форме, при экспорте – по месту происхождения (нахождения) переме-щаемого (перевозимого) объекта, при импорте – по месту ввоза; 2) документ, удостоверяющий личность и документ,

подтверждающий полномочия представителя (для идентификации);3) копия племенного свидетельства или эквивалентного ему документа на каждую голову животного и племенной продукции (материала), выданного официальным органом страны-экспортера – при импорте племенных животных и племенной продукции (материала) (в случае отсутствия в информационной системе);

на портал: 1) заявление в форме электронного документа, удостоверенного ЭЦП услугополучателя; 2) электронная копия племенного свидетельства или эквивалентного ему документа на каждую голову животного и племенной продукции (материала), выданного официальным органом страны-экспортера – при импорте племенных животных и племенной продукции (материала).

Дополнительную информацию, касающихся государственных услуг, можно получить по телефону единого контакт — центра по вопросам оказания государственных услуг 1414, либо по адресу: город Приозерск, ул.Пушкина, 16, ГУ «Приозерская городская территориальная инспекция Комитета ветеринарного контроля и надзора МСХ РК».

**Б.Ж. КАЛМУРЗИНА ,**
***руководитель ГУ «Приозерская городская территориальная инспекция КВКиН МСХ РК»***

*Денсаулық – зор байлық !*

# НИТРАТЫ КӨП КӨКӨНІСТЕРДЕН САҚТАНЫҢЫЗ!

Жаз маусымында өзекті мәселелердің бірі – ерте пісетін көкөніс, жеміс-жидектер мен бақша өнімдерін тұтыну. Оны көпшілігі қауіпсіз деп ойлайды. Бірақ, тұрғындар бұл кездегі қарбыздардың көпшілігі қауіпті екендігін есінде сақтағаны жөн. Өйткені, ерте піскен қарбыз құрамында нитрат мөлшері шамадан тыс болады. Талап бойынша, нитраттың көрсеткіші қауында – 90 мг/кг, қарбызда – 60 мг/кг болу керек. Ең жылдам пісетін қарбыз сұрыптарының өзі шілде айының соңына қарай пісуге тиіс. Сондықтан, қарбыз жеудің қолайлы уақыты – шілде айының соңы мен тамыз айы. Бұл – өнімнің нағыз пісетін уақыты.

Дихандар өнімді көп және тез арада жинау мақсатында жеміс-жидек пен көкөніске тыңайтқыштар қосады. Оның бірі азот қышқылының тұзы – нитраттар. Тыңайтқыштың аз мөлшері біздің ағзамызға өз зиянын тигізбегенімен, олардың шектен тыс мөлшері өте қауіпті. Адам ағзасына түскен нитраттар тотығу үдерісінің нәтижесінде нитриттерге, яғни уға айналады. Нитриттердің нитраттардан айырмашылығы – олар қан эритроциттеріне кері әсер етеді. Эритроциттердің құрамындағы гемоглобинмен нитриттер байланысып, метгемоглобин құрайды, бұл өз кезегінде оттегін тіндерге тасымалдау қабілетін қиындатады да, нәтижесінде адам ағзасының оттегімен тыныс алуы нашарлайды. Бұл, әсіресе, балаларға, егде жастағылар мен жүкті әйелдерге өте қауіпті. Ал, оның шектен тыс мөлшері улануға, кей жағдайда адам өліміне де әкеліп соқтырады. Қарбыз бен қауындарды таңдау кезінде кәтелеспес үшін ең бірінші заңсыз ұйымдастырылған базарларда сауда жасамауды әдетке айналдыру керек. Сондай-ақ, қарбыздарды жол шетіндегі сауда орындарынан сатып алуға болмайды, өйткені, оларға автокөлік газдарының құрамында болатын ауыр металдар тез жиналады. Мұндай қарбыздар түрлі жұқпалы ішек ауруына әкеп соқтыруы әбден мүмкін. Бүгінде жеміс-жидек сатушылар үлкен базарларды ғана емес, көп пәтерлі тұрғын үйлердің аулаларын, мөлтек аудандарды жағалап, ісін дөңгелетуді әдетке айналдырған. Сол себептен, көкөніс, жеміс-жидек пен бақшалық өнімдерді сатып алу кезінде олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын, құрамындағы нитраттардың деңгейін анықтайтын ілеспе құжаттарын сұрау арқылы денсаулығыңызды қорғай



аласыз.

**Г. С. Онербекова,**
***қоғамдық денсаулықты сақтау басқармасының басшысы***

# АЖАЛҒА АРАША БОЛҒАНДАР

*Бірінші байлық – денсаулық!*

«Дені саудың жаны сау», «Аурудың алдын ал», «Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады», «Ауруын жасырған өледі...» дейтін халық даналықтары адам баласына ескерту екенін ескере береміз бе?.. Көптен бері көкейімде жүрген түйткілді ойды ортаға салғым келеді. Жалпы адам, әсіресе қазақ қауымы басты байлығымыз болған денсаулығымызды күтуге неге селқос қарайды деген ой туады кейде. Соның ішінде өзім де бар екенмін. Бір байқағаным, біз ауырып-сырқасақ та, дәрігерге уақтылы көрінбесек те, оның ем-домы жуық арада табыла қоймаса да көбіне кінәні дәрігерлерден іздейді екенбіз. Неге? Бұл сауалды алдымен өзімізге қойғанымыз жөн секілді. Өзгелердің көңіліне қарап, мәселенің мән-жайын өзімнен іздеп көрейін. Соған қарай әркім өзінше қортынды жасайтын шығар.

2001-жылдың қыркүйегінде үш бірдей омыртқадағы берішке ота жасалғаннан бастап, арасында екі жыл үзіліспен 12 жыл бойы дәрігерлердің қарамағында болдым. Жыл сайын екі рет, қалалық және облыстық ауруханада тұрақты және жүйелі түрде емделіп тұрдым. Емхананың есебінде болған соң медбикелер уақытылы хабарласып, емделетін мерзімім келгенін ескертіп отырады. Өз денсаулығым үшін мен де сол уақытта тиісті емделіп, басқа да ағзаларды тексертіп тұрағанмын. Соның арқасында көп қатарлы жүріп-тұрдым һәм қызметімді атқардым. 2015-жылы үшінші топ санатымен өмірлік мүгедектікке шықтым. Міне, осыдан кейін-ақ емханаға баруды сиреткенімді, тіпті ақырында бармай кеткенімді жасырмаймын. Осы бойкүйездіктің, бейқамдықтың арқасында денеме қатерлі дерттің жабысқанын уақытында білмей қалдым. Рас, емхана медбикелері жас ұлғайғандығына байланысты мерзімді медициналық көріктен, тексерілуден өтіп тұруға шақырып тұрды. Тіршілік, жұмыс, қара бастың қамы деп сол шақыруларға мән бере қоймағандықтың кесірінен өміріме қауіп төнгенін де елемеппін, байқамаппын. Денсаулық медицина қызметкерлері үшін емес, өзім үшін керегін де ескеремегенім ғой.

Өткен жылдың желтоқсан айында кезекті медкөрікке учаскелік медбике тағы шақырды. Тағы да сылтау айтып көргенім де шындық. Алайда бұл ретте олар маған қаттырақ тұрып, тіпті ұрысып та алды. Сөйтіп емханаға баруыма тура келді. Толыққанды тексеру нәтижесінде, УЗД-ның зерттеуіне сәйкес оң бүйрегімнің істен шығып, қатерлі ісік пайда болғаны анықталды. УЗД дәрігері Айзада Сапарқызы тез арада облыстық онкология орталығына барып көрінуді және компьютерлік томографияға түсіуім қажеттігін талап етті. Қалалық аурухананың бас дәрігері Нұрлан Шағыровқа, учаскелік дәрігерім Гауһар Серікбайқызына және онколог дәрігер Дәрен Ермекұлы Елемесовке болған жайды баяндадым. Олар да тезірек әрекет етіп, қатерлі дерттің алдын алуға кеңес берді және құжаттар мен



қажетті сараптама қортындыларын рәсімдеуді жеделдетуге әрекет етті. Осылайша дәрігерлер айтқан тапсырмаларды орындап, облыстық онкология орталығының онколог дәрігерінің қабылдауында болдым. Бүкіл сараптамаларды електен өткізген дәрігер қателі ісік шарпыған бүйректі емдеуге келмейтінін айтып, жедел ота жасау қажет деп шешім қабылдады. Жаным және денсаулығым үшін отаға келіспеуге амалым жоқ еді. Сол сәттегі менің көңіл-күйім мен уайым-қайғымды ауызбен айтып жеткізе алмаймын. Осылайша, ақпан айының ақырына қарай отаға дайындап болғанда, аяқ астынан тұмау пайда болып, қызуым көтерілді және жөтел басталды. Мұндай жағдайда ота жасауға болмайтындықтан, тұмаудан толық емделу үшін амалсыз кейін қайтуға тура келді.

Кенеттен пайда болған жөтел тура төрт айға созылды. Қаншама ем-дом жасағаныммен еш нәтиже болмады. Арасында ең білікті деген Ташкенттің медициналық орталығына барып көрініп қайттым. Бұл уақыттар мен үшін аса ауыр кезең және тым қатал сынақ болды. Қатерлі дертпен дәрігерлермен бірге тек өзім қатар тұрып күресуім керектігін сезіндім. Әрине, мұндай сынақты сәтте қасымнан табылып, кеңестерін берген, көңілімді көтеріп, жылы сөздерін арнаған, демеу болып, жігермді жаныған ағайын-туған, дос-жолдас, таныс-білістердің қолдауы да маған үлкен көмек және күш болғанын айта кетуім керек. Кімнің кім екенін осындай басыңа іс түскенде немесе науқастанғанда ғана біле алады екенсің. Сөйтіп, маусымның ақыры, шілде айының басында жөтелден айығып, құжаттар мен сараптамаларды қайта рәсімдеп, облыстық онкология орталығына қайта жатуға мүмкіндік туды. Оны дайындау барысында учаскелік дәрігер, медбикесі Зухра Жұбайқызы Жалғасбаева, онколог дәрігердің медбикесі Эльмира Тасмұрзаевалар қатты қызмет етіп, кәсіби біліктіліктерін таныта білді.

Қатты уайымға салған, мен түлігі облыстық онколог дәрігерлерді күмандандырған қатерлі ісікке тамыздың үшінші жұлдызында ота жасалды. Несібеме қарай демалысқа шыққалы тұрған бөлім меңгерушісі Қайрат Ерболатұлы Қожамбердинді орталық директоры Мұратбек Дәулетханұлы Жұмакаевтың менің отама өзінің қатысуын сұрап алып қалғанын кейін естідім. Ота мен және дәрігерлер ойлағандай болмай, сәтті өтті. Олар күткен ауыр жағдай орын алмаған. Мұның бәрін есімді жинаған соң емдеуші дәрігерім Азамат Елубайұлы тәптіштеп түсіндіріп, айтып берді. Қатерлік ісіктің өміріме аса қауіп төндірмеуі үшін 5-6 ай бұрын келгенімді, отаның дер кезінде жасалғанын ескертті. Шынын айту керек, көп ретте адамдар мединицина қызметкерлеріне ретсіз және негізсін күйе жағып, кіналап жататынын білемін. Егер менің өзім науқасым анықталған күннен бастап өз тарапымнан әрекет етпесем, көңілімді күпті еткен сауалдарды оларға айтып, кеңес сұрап отырмасам, олардың айтқан кекестері мен тапсырмаларын бұлжытпай орындамасам, ақыры не боларын бір құдай білсін?!. Ота өткеннен кейін де адамның қандай күйде болатынын басына түскен жан жақсы біледі. Сондай қиын, қиналған сәтте ең жақын адамындай қарап, ем-домын жасаған дәрігерлер мен медбикелерге қалай риза болмасың. Ол жерде менен де ауыр жағдайдағы адамдар жатты. Соның бәрінің көңілін табу үшін қаншама мейрім, шапағат, жігер, қайрат, шыдамдылық қажет екенін біле алсақ қой?!. Мұндағы айтпағым, әр науқас жан өз денсаулығына ең әуелі өзі жауапты болуы керектігін, дәрігерлермен бірге қосыла аурумен күресе білсе, қандай ауыр дертті де жеңетіндігін көпшілікке ұқтыру.

Отадан шығып келгесін де қалалық аурухана дәрігерлері мен медбикелері хабарласып, кеңес беріп, қажетті көмектерін көрсетіп отырды. Қорыта айтқанда, облыстық онкологиялық орталықтың дәрігерлері мен басшыларына, медбикелер Салтанат Серікбайқызы Мәмбетоваға, Дәрия Саматқа, Жаннұр Балыкееваға, Айгүл Қабылмұратқа, Бақыт Дәуренбековаға және қалалық емханадағы учаскелік дәрігер Гауһар Серікбайқызына, онколог дәрігер Дәрен Ермекұлы Елемесовке, УЗД дәрігері Айзада Сапарқызына, медбикелер Зухра Жұбайқызы мен Эльмира Тасмұрзаеваларға, сараптама бөлімінің медбикелеріне, аурухана басшылығына шын көңілден алғыс-рахметімді жеткізгім келеді. Оларға Алланың нұры жаусын! Жерлестер, денсулықтарыңызды күтіп, баптаңыздар, уақытылы медициналық тексеруден өтіп тұруды, науқастың алдын алуды естен шығармаңыздар!..

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

**“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16**
Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16**
Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных
***

**“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53**
Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр ап-таның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ “Аппарат Акима города Приозерск” 5-41-53**
График приема граждан:
Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.
***

**«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі » мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45**
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45**
График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов.
***

**«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов
***

**“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушыларкөлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57**
График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.
***

**«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48**

**Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48**
***

**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов
***

**“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейн

**Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92**
График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов
***

**«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99**
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99**
График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов
***

**«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.**
Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі –дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.**
График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов
***

**«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.**
Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час.
***

**“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

**Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87**
График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

# РАСПИСАНИЕ ДВИЖЕНИЯ ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ ПО СТ.САРЫШАГАН




| № п/п | Сообщение | Приб. | Ст. | Отпр. | Дни следования |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Алматы-2-Астана | 23.07 | 10 | 23.17 | ежедневно |
| 4 | Астана-Алматы-2 | 22.27 | 17 | 22.44 | ежедневно |
| 9 | Алматы-1-Астана | 06.00 | 15 | 06.15 | ежедневно |
| 10 | Астана-Алматы-1 | 09.14 | 15 | 09.29 | ежедневно |
| 15 | Алматы-2-Петропавловск | 03.56 | 20 | 04.16 | четным |
| 16 | Петропавловск-Алматы-2 | 20.28 | 15 | 20.43 | нечетным |
| 43 | Алматы-1-Костанай | 5.40 | 15 | 5.55 | ежедневно |
| 44 | Костанай-Алматы-1 | 22.58 | 15 | 23.13 | ежедневно |
| 55 | Кокшетау-Кызылорда | 09.49 | 18 | 10.07 | ежедневно |
| 56 | Кызылорда-Кокшетау | 19.56 | 15 | 20.11 | ежедневно |
| 75 | Кызылорда-Петропавловск | 20.42 | 20 | 21.02 | четным |
| 76 | Петропавловск-Кызылорда | 12.52 | 15 | 13.07 | четным |
| 85 | Астана-Сарыагаш | 18.57 | 15 | 19.12 | ежедневно |
| 86 | Сарыагаш-Астана | 10.06 | 15 | 10.21 | ежедневно |
| 89 | Кызылорда-Астана Нурлыжол | 15.04 | 10 | 15.14 | нечетным |
| 90 | Астана Нурлыжол-Кызылорда | 02.43 | 10 | 02.53 | четным |
| 151 | Алматы1-Астана | 00.57 | 41 | 01.38 | нечетным |
| 152 | Астана-Алматы1 | 06.11 | 15 | 06.26 | четным |
| 175 | Астана-1-Шымкент | 6.46 | 17 | 7.03 | нечетным |
| 176 | Шымкент-Астана-1 | 10.17 | 15 | 10.32 | четным |
| 179 | Алматы-2-Костанай | 06.48 | 17 | 07.05 | нечетным |
| 180 | Костанай-Алматы-2 | 14.32 | 15 | 14.47 | нечетным |
| 303 | Алматы-2-Казань | 04.57 | 15 | 05.12 | среда |
| 304 | Казань-Алматы-2 | 08.15 | 16 | 08.31 | понедельник |
| 315 | Ташкент-Екатеринбург | 04.57 | 15 | 05.12 | понедельник |
| 316 | Екатеринбург-Ташкент | 08.15 | 16 | 08.31 | четверг |
| 373 | Алматы-2-Жезказган | 12.58 | 20 | 13.18 | пн.чт. |
| 374 | Жезказган-Алматы-2 | 01.57 | 19 | 02.16 | ср.суб. |
| 251 | Самарканд-Астана-Нурлыжол | 02.48 | 20 | 03.08 | вт (летний период) |
| 252 | Астана-Нурлыжол-Самарканд | 04.32 | 15 | 04.47 | ср (летний период) |
| 701 | Алматы2-Астана Нурлыжол | 01.17 | 10 | 01.27 | ежедневно |
| 702 | Астана Нурлыжол-Алматы2 | 01.37 | 10 | 01.47 | ежедневно |
| 703 | Алматы2-Петропавловск | 00.19 | 10 | 00.29 | ежедневно |
| 704 | Петропавловск-Алматы-2 | 03.28 | 10 | 03.38 | ежедневно |
| 709 | Шымкент-Астана Нурлыжол | 23.30 | 18 | 23.48 | нечетным |
| 710 | Астана Нурлыжол-Шымкент | 02.43 | 10 | 02.53 | нечетным |

**источник: http://temirzholy.kz/informatsiya-dlya-pasazhirov от 30.07.2018 г.**

***Вниманию жителей города***

# О ЗАПАХЕ ГАЗА

С начала 2018 года сотрудниками Пожарной части №47 осуществлено 18 выездов на сообщения «о запахе газа» в многоквартирные дома города.

Отдел по ЧС г. Приозерск предупреждает, что эксплуатация газовых баллонов должна осуществляться в строгом соответствии с требованиями обеспечения безопасности предусмотренных в Законе «О газе и газоснабжении» от 09.01.2012г. Так, п. 1 ч. 7 ст. 28 Закона запрещается хранение и использовании сжиженного газа в бытовых баллонах в многоквартирных домах этажностью более двух этажей.

Неисполнение данного пункта является нарушением п. 43 Правил пожарной безопасности утвержденные Постановлением Правительства Республики Казахстан №1077 от 09 октября 2014г. и влечет за собой административную ответственность по статье 410 ч.1 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

**С. Курымбаев,**
***старший инженер,***
***майор гражданской защиты***

***Жақсы дәстүр жалғаса берсін!***

# 40 ЖЫЛДАН СОҢ КЕЗДЕСТІ

Бүгінгі таңда мектеп бітірген түлектердің 10, 20, 30 және 40, 50 жылдық кездесулерін өткізу дәстүрі жақсы ісшараға айналып келеді. Бозбала және бойжеткен шақтарында алтын ұя мектептерінен түлеп ұшып, әр қиырға тарыдай шашылып кеткен қимас сыныптастарымен араға жылдар салып қайта жүздесуі мына өмірдегі һәм өз тарихтарындағы жарқын әрі сағынышқа толы сәт болып жадтарында қалары сөзсіз. Сондықтанда бұндай кездесулердің болып тұрғаны өте дұрыс және жастарға үлгі боларлық деп есептеймін.

Өзбекстан Республикасының Науаи облысы Тамды ауданына қарасты Өгізтау ауылында 1978-жылы орта мектепті менімен бірге бітірген түлектер осыдан жиырма жыл бұрын 20 жылдық кездесуімізді өзіміз бітіріп кеткен Ломоносов атындағы мектепте, туған ауылымызда өткізіп едік. Ол кезде орныққан, орта жасқа жақындаған шағымыз болатын. Зымыраған уақыт пен замана толқындары одан бері де талай тағдырды өз қақпақылына салып, біз де бүгінде қарттық кезеңнің табалдырығына аяқ бастық. Сыныптас достардың дерлік бәрі келін алып, қыз ұзатып, алды зейнетке шыға бастаған. Олардың азырағы елде қалса, көбісі тарихи Отандарына көшіп кеткені белгілі. Арамызда мектеп бітіргелі де бір-бірін көрмеген жандардың барын ескеріп, өткен жылы телефон арқылы хабарласып тұратын сыныптастар болып, 40 жылдық кездесуді ұйымдастыруға бәтуаласқан едік. Ойласа келе сыныптастарымыз көбірек орналасқан Теміртау қаласы кездесу орны болып белгіленген. Оны ұйымдастыру және өткізу мәселесі мектепте жүргенде де, өмірде де белсенді болған қыздарымыз Дария (Даран) Күзенбаева мен Мағрипа (Мағаш) Сәдуахасоваларға жүктелген-ді. Маған кеңесшілік міндеті артылды. Сонымен кездесу уақыты осы жылғы шілде айының 20-21-жұлдыздарында өтетін болып шешілген.

Аталмыш кездесу жуықта аталған жер мен мезгілде ұйымдастырылды. Жердің шалғайлығына және отбасылық жағдайларға байланысты Өзбекстанда тұратын сыныптастар түгел қатыса алмады. Қазақстанннның әр түкпірінде жасап жатқан сыныптастардан да әртүрлі жағдайлармен келе алмағандар болды. Маған да жуықта ауыр отадан шығуыма байланысты кездесуге қатысуды Алла жазбады. Дегенмен, ұл-қызы аралас достардың жұбайларымен қосқанда 22 кісі керемет кездесуге куә болды. Ең алыс аймақ – Ақтаудан Әбділла Шаухаровтың жұбайы Алмамен ат арытып келгені ерлікке тән еді. Өзбекстаннан Махат дос жұбайы Күмісаймен, Рабиға Ізтелеуова, Тәжінар Қуанышева мен Шарипа Қалыбаеваның өздері келгені де аталмыш кездесудің мән-мағынасын ұғынулары, сартап болған сағыныштары деп ойлаймыз. Күнсұлу Қайыпова Шымкенттен, Қатира Жұбанова мен Қалыбек Қасымбековтер Алматыдан, Маржан Көшербаева, Жанымкүл Нысанбаева, Абай Шонтыбаев жұбайы Нұрбиламен Қарағандының айналасынан келген. Келушілердің алды 19-шілде күні Теміртауға жетіп, Дария мен Темірбектің отбасында құрметті қонақ болыпты. 20-шілде күні сыныптастар Теміртаудағы алғашқы Президент мұражайының алдында кездесті. Сағыныса құшақ қауыштырған түлектер бұдан соң қала мешітіне барып, дүниеден өткен ұстаздары мен сыныптастарының әруақтарына арнап құран бағыштады. Сол күні кеште кездесу құрметіне жайылған мерекелік кеш дастарқанында бірге отырып, өткен күндер естеліктері және бүгінгі өмірлері мен тыныс-тіршіліктері жайында әңгіме-дүкен құрысып, сырға толы сұқбаттарын ортаға салысты. Кешке қарай қонық үйлерге тарасып, түнді де ұзақ әңгімеге арнаған.

Келесі күні Самархан су қоймасына саяхатқа шығып, көлде кемемен сайрандады, суға шомылып, табиғат аясында сыр сандықтарын ақтарысты. Ән-жыр мен биге де кезек берілді. Жастық шақтарының жарқын елестерін еске алысты. Осы күні кешкілік кездесуді ұйымдастырушылардың қазақ дәстүріне сай қонақасы сыбағалары қаланың көрікті мейрамханаларының бірінде тартылды. Алды 40 жыл, соңы 20 жыл көріспеген сыныптас достардың айтар әңгімелері де, шертер сырлары да жетіп артылатын. Алайда белгіленген екі күнде осылардың мүмкін оннан бірі ғана айтылған шығар...



Осынау ғажап сәттер сыйлаған кездесуге науқасыма орай қатыса алмасам да, менің жан-жүрегім солармен бірге болды, солармен бірге соқты! Жиі хабарласып отырған достарым кездесудің барысын баяндап, суреттер мен бейнебаяндар жіберіп тұрғаны менің көңіліме қуаныш сыйлады. Менің кездесуге арнаған жырымды естелік фотоальбомға салғанына алғысым шексіз. Мұндай кездесуге денсаулығы бар, бауыры бүтін жанның қатыспауға қақы жоқ еді ғой деген түйткіл көңіл түкпірінде тұрғанын жасырмаймын.

Осынау кездесуді бастан-аяқ ұйымдастыру және өткізу барысында жыл бойы табандарынан тозып жүгірген, сыныптастардың бас қосуына ұйытқы болған екі қызымыз Дария мен Мағрипаға және олардың жұбайлары Темірбек пен Нұрланға, қал-қадерінше көмек қолын созған Маржанға барша сыныптастарымның атынан шексіз алғысым мен үлкен рахметімді айта отырып, кездесуге арнаған жыр-арнауымды оқырмандар назарына ұсынамын.

**Қырық жыл өтті ұядан алтын ұшқалы,**
**Балғын шақтардың қалмаған бойда мысқалы.**
**Алқымдап қалған алпыстың таяу асқарын,**
**Ата-әжелер Өгізтауымның мысқалы.**

**Жанарлар солғын, жүздерді әжім торлаған,**
**Немере ерткен, толысқан ақыл – мол ғалам.**
**Кездесіп жатыр Теміртау атты шаһарда,**
**Он жеті жасты еске алып, көңіл толғаған.**

**Жүздесу деген ғаламат неткен сезім бұл,**
**Әрбір жүректе – тулаған қаның кезің жүр.**
**Мұндай сәт енді мың тіле, қайтып келмейді,**
**Келмесең бұған, өкініш үлкен... өзің біл...**

**Айқасқан құшақ, айтылар сырлар – ғажайып,**
**Кездесу – тарих, бара жатқанда азайып.**
**Еске алып соноууу алыста қалған кездерді,**
**Шежіре-жырын өшпестей етіп жазайық.**

**Осылай дәурен тұра береді дермісің,**
**Қосылып бастар, жаңа тұлғалар көрді шын.**
**Қанша жанарлар осы сәт жасқа малынды,**
**Өзгерген келбет, өзгерген және болмысың.**

**Біз қырық едік бітірген жылы мектепті,**
**Кейбір құрдастар дүниеге арғы беттепті.**
**Құран бағыштап, алайық еске оларды,**
**Кейбіріміздің саулығын өмір шектепті,**
**Өткен уақыт негізі босқа кетпепті...**

**Барымен – базар, қуаныш болсын қайырлы,**
**Жазмыштың ісі, талайдың жолын айырды.**
**Келгеніңе де, келмегеніңе тілерім –**
**Алла таһала тұғызсын оңнан айыңды!**

**Кездесу – керім, мағыналы һәм мәнді де,**
**Биді де билеп, шырқаңдар сазды әнді де.**
**Бір ғана сәттік кездесу – ғажап кезің ғой,**
**Бір-екі күнде таусылмас сыр мен әңгіме.**

**Өзім болмадым, жетеді ұшып өлеңім,**
**Алла қоспады, не шара оған, көнемін.**
**Төсекте жатып, өздеріңменен біргемін,**
**Бірге қуанам, сендерді жақсы көремін!**

**Басталар енді қарттықтың жаңа дәуірі,**
**Әр шаңырақтың көбейе берсін қауымы.**
**Жаймашуақты, жайсаң өмірге еніңдер,**
**Болмасыншы тек бораны және дауылы.**

**Достамы менің, әманда аман болыңдар,**
**Әрқайсысыңа төрімнен әркез орын бар.**
**Айтатын әрі бөлісер сырым көп еді,**
**Шама жеткені, жырымды қабыл алыңдар.**
**Өмір де өтер, дүние қалар артында,**
**Сағынатын боп, іздейтін болып қалыңдар!..**

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.**
***Суреттерде:***
***кездесуден көріністер***

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда,
ул. Сатпаева 15. Заказ № 30/570. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2, 8 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*